

**«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК**

**Тақырыбы: «Көп тілді бала – болашақ кепілі»**



**Қазақ тілі маманы: Ж.С.Орынбасарова**

**2025 ЖЫЛ**

Құзіреттілік орталығының өсу нүктелерін дамыту мақсатында ұйымдастырылған «Құзіреттілік тәжірибесі: ізденістен іске» атты жиында балабақшадағы қазақ тілі маманы ретінде өз тәжірибеммен бөлістім. Жиын барысында «Тілге бойлау» бағдарламасы аясындағы «Көп тілді бала – болашақ кепілі» тақырыбындағы жұмысым таныстырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін меңгертудің тиімді жолдарын көрсету, тәжірибе алмасу және бағдарламаны іске асырудағы жаңашыл әдістерді әріптестерге ұсыну болды. Қатысушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында қабылдау барысында векториналық (викториналық) сұрақтар әзірленіп, «Тілге бойлау» бағдарламасының бүгінгі өзектілігі ашылды.

Аталған бағдарлама ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес, оқу орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйретуге арналған мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартта қарастырылған. Бұрын пилоттық жоба ретінде іске асырылған бұл бағдарлама 2025 жылдан бастап «Тілге бойлау» бағдарламасы ретінде ресми түрде енгізілді.

Балабақшамызда 4 орыс тобы (2 ортаңғы, 1 ересек, 1 МАД) жұмыс жасайды. Өзіме бекітілген топтарда ҰІӨ жүргізумен қатар, қазақ тілі маманы ретінде стандартты жоспарды орындау мақсатында «Тілге бойлау» бағдарламасын жүйелі түрде жүзеге асырып келемін. 2025–2026 оқу жылына арналған арнайы жоспар құрылып, мекеме меңгерушісі тарапынан бекітіліп, қазіргі таңда жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Жоспар мазмұны қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілдері – М. Әлімбаев, Ы. Алтынсарин, Қадыр Мырза Әлі, Б. Соқпақбаев шығармалары негізінде құрылды. Балаларға арналған өлеңдер, әңгімелер, ертегілер, айтыс элементтері алынып, оларды меңгертуде ЖИ элементтері, мнемокесте, саусақ жаттығулары, қимылмен қайталау сияқты тиімді әдіс-тәсілдер қолданылды.

Жыл басында қыркүйек айында «Тілді сүйю – тал бесіктен» атты мерекелік іс-шара өткізіліп, тәрбиеленушілер қазақ тілінде тақпақ айтып, ән шырқап, би билеп, белсенділік танытты. Қазан айында «Менің сүйікті жазушым» тақырыбында балаларға қазақ балалар жазушылары туралы шағын мағлұмат берілді. Қараша айында М. Әлімбаевтың «Төрт түлік» тақпағы мнемокесте арқылы өтіліп, тақырыпқа сай ойындар ойнатылды.

Сонымен қатар балабақшада «Балалар жазушылары – мейірім елшілері» атты танымдық бұрыш жасақталып, осы бағытта арнайы Instagram парақшасы ашылды. Тәрбиеленушілердің шығармашылық жұмыстары мен іс-шаралардан көріністер сол парақшада тұрақты түрде жарияланып отырады.

12 «Лучик» тобы тәрбиеленушілерімен өткізілген ЖИ әдісіндегі «Жарастың хикаясы» әңгімесі «Тілге бойлау» бағдарламасының 7-қосымшасына сәйкес алынып, қазақ тілін меңгертуге қажетті сөздік қорды қалыптастыруға бағытталды. Іс-шара соңында әріптестермен «Бір рет тыңда – дәл қайтала» ойыны ұйымдастырылып, жаңылтпаштар экранда бір рет көрсетіліп, есте сақтау мен тілдік дағдыларды дамытуға бағытталды.

Қорытындылай келе, «Тілге бойлау» бағдарламасы балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырып, сөздік қорын байытуға, көптілді тұлға қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді бағдарлама екенін көрсетті.

